

Ақмола облысында ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облыстық мәслихатының 2021 жылғы 21 желтоқсандағы № 7С-13-2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 желтоқсанда № 25971 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2026 жылғы 31 наурыздағы № 8С-27-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 31.03.2026 № 8С-27-4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 161 "Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11299 болып тіркелген) сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ақмола облысында ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшері бекітілсін:

1) қосылған құн салығын ескере отырып, ауызсуды есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін – 60 теңге;

2) қосылған құн салығын ескере отырып, ауызсуды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін – 80 теңге.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облыстық мәслихаты
хатшысының міндетін атқарушы*

Ж.Амиржанов